



1934 жылғы  
10 қаңтардан  
шыға бастады

# КАЗВАК

# ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

## Портреттік әңгіме

Мира Шүйіншәлиева бұл әңгімесін Ақұштап ақынға арнапты. Орал қаласында тұратын әйгілі ақынмен сыйластығын, бауырмалдығын Мира әдемі бере білген. Кейіпкері Ақас апайдың прототипі – Ақұштап Бақтыгереева, Несібелі – Мира, Нұрай – Мираның қызы – Айнұр. Алаштың ару ақыны Ақұштап әпкенің жұбайы – Ғабдулрахым аға бар. «Жайық өзенінің дәл маңында тұрған қос қабатты» үйдегі сүйкімді күшік Ешқоның бүлдіргіш қылығы бас кейіпкер айналасындағы юморы басым сүйкімді панорама сияқты. Әңгіме атауы – «Ақынның ерке күшігі». Эпиграф орнына автор «Ақұштап Бақтыгерееваға» деп көрсеткен.



Қазақ қонақжай халық қой, мына қонаққа барудың астарында ұлттың қалам ұстаған екі қызының бір-біріне деген ізеті, мейірбан көңілі, «...өткір қайшымен үзіп жіберсең де, жыртылмайтын жібек жіп жалғап жатқандай» апаның сіндіге, сіндісі апаға деген риясыз көңілі тұнып тұрған әңгіменің расында әдебиет әлемін ұлықтайтын ізгі энергетикасы, аппақ аурасы зейінімді бірден тартып алғаны рас.

Жанры проза болып шыққаны көңіліме жақты. Мұндай кәдімгі өмір көрінісін арқау етіп алып, дара тұлғаны қадір тұту сарынымен жазылған көркем әңгіме біздің әдебиетте саусақпен санарлық, жоқтың қасы. Жолашар үлгінің бірі – Жүсіпбек Аймауытовтың «Әнші» атты классикалық әңгімесінде Әмірқанның прототипі – Әміре Қашаубаев болатын. Кейін үлкен прозада болмаса, кіші прозада руханият адамын құрметтеу идеясын арқау ету тоқтап қалған сияқты. Бұл тосын стиль, игілікті көре білу деп санаймын. Қазақ әдебиеті үшін

таңсық тәсілді Мира сәтімен таңдап алыпты. Қаламдас адамдардың бір-біріне сыйластығы, мейір-шапағаты риясыз берілген соң сүйсіне оқып шықтым. Қазіргі прозада көбінесе кесірге толы персонаждарын түлен түрткендей құтыртып, қарғыс қара бояуды баттап, жалған көз жасын, жын атқан ластық пен айдалада бейсауат лағып жүрген иррационалды қайғы-қасіретті қашағанша қуып әкеп, әлгі жандардың басына қаптап; теріс дүниені өңмеңдетіп, жиі жаза беретіндіктен жаным түршігіп, осынша бықсық зұлымдықты, мардымсыз көр-жерді өлердей суреттеуге, екілене дәріптеуге, жан беріп, қуаттандыруға сайтани құмарлық не үшін қажет деп қабылдамай, менсінбей, ары қарай оқымай қоя салатын басым, мынау тас бұлақтай таза әңгімеге риза болдым.

Мира Шүйіншәлиева дарын-несібесімен, ел анасына лайық оң имидж-беделімен, тұма жырларымен қайтсем қазақ жастарын, ұл-қыздарын дұрыс тәрбиелеймін деп айналасына маңдайы жарқырап, сөз құдіретімен жарық шашып жүрген арқалы апасын нысан етіп, өнегелі кейіпкер тұтқаны қисынды көрінді.

Ежелден қазақ ұлын қызынан артық көрді. Бұл – өмір заңдылығы тудырған айқын құбылыс. Алып-қосары жоқ. Сөйте тұра қазақ қызын тағы ұлындай жақсы көрді, қызын ұлынан кем көрмеді. Қыз – ұлттың анасы болатын болған соң текті ата-баба ұрпағын қызғыштай қорғап бақты. Жер бетінде қызын адам санатына қоспайтын, ата-енесі, күйеуі күң қылып, жазаласа мұрнын, құлағын кесіп, өлердей сабап, жанын алатын; зорлық-зомбылыққа шімірікпейтін, обалды білмейтін небір дүниетанымы өзгеше халықтар бары тағы рас. Біздің халық – Құдайға қараған, азат рух сүйетін, обал-сауапты білетін еркін халық екенін соларға қарап білесің.

«Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық». Бұл генетикалық және экономикалық ұғымдар – Отан қорғаушы ел сақшысы, әулетті асыраушы, ұрпақ жалғайтын, тұқымы рулы елге айналатын күндидарлы ұлды дәріптеуден туған шындық. Өнер мен әдебиетте асып туған қыздың жөні бөлек, алтын тұғырлы. Ерекше талантты қыздарын қазақ халқы: «Бір өзі он ұлға татиды», «Ұлдан артық» деп сүйсінеді.

Мира жазушы болған соң қасында жүрген игі жақсыны көре білгені абыз замандасын ардақтай білгені – құтты білік. Әдебиетте табиғи дарынды әйелзаты ер адамдарға қарағанда сирек келеді. Олар Құдай берген текті дарынымен ортасын жарып шықпаса, бәрібір мойындалмайды. Жылтырағанның бәрі алтын емес...

Титтей ала күшік Ешконың портретін Мира оқырман көзімен көріп тұрғандай етіп тірі суреттейді:

«Даусы шіңкілдеген ащы болғанмен, сүп-сүйкімді. Күнбағыс майын жағып қойғандай денесі жып-жылтыр. Ақ түсті терісі мен шолтиған құйрығының әр жерінде жер картасы пішіндес қоңыр таңбалар толып тұр. Ойнақы көздері еліктің лағындай мөп-мөлдір. Бойы бір қарыс болғанмен іштегі қызуы сыртына сыймай, қайраты тасып барады.

Ешконың еркелігі ерекше... Тым еркін, пысық. Ешқандай ескертуді «бан-тиктей» қалқиған құлағына ілер емес. Қайта үнін құбылтып өршелене түседі.

Ара-арасында өтіріктен ырылдауды да ұмытпайды».

Бұл әңгімеде Ақұштап ақынның жастық шақ атты күдіретке қимастығы әсерлі берілген. «Апырмай, баяғыда мен де осы Нұрайдай албыраған қыз едім. Үлбіреген гүл едім. Жұпар иісі аңқыған қайран жастық шағым-ай!».

Ақұштаптың жас кезінде қазақтың сұлу ақын қызы болғаны көрініп тұрады. Ақ Жайықтың жазушы қызы Ақас ақын бейнесін әсерлі суреттейді: «Таудан аққан бұлақтай тізесіне дейін төгілетін қолаң шашын аңсап, жоқтай береді арманшыл, қиялшыл ақын. Көк теңіздің түсіндей боп сәулесі шашыраған моншақтай мөлдір көздерінің бүгін нұры бөлек. Тұңғыықтан жылтыраған жанары көлеңкені шетке ысырған шуақтай. Алмадай албыраған Нұрайға қараған сайын жырақта адасып қалған жас дәуреннің сағымын іздеп, соңынан қуады кеп, қуады кеп...».

Фариза ақын жастық бейнесі Ақұштап құрбысымен қатар жүруі заңды. «Шіркін, Фаризаш екеуміз егіз қозыдай қатар жүруші ек. Жандай дос едік. Қуықтай пәтерде де кең тыныстап, тату тұрдық. Қол ұстасып Алматының көшесімен келе жатқанда жұрттың көзі екеуміздің шашымызға түсуші еді. Фариза қою қара бұрымын желкесінің тұсынан төмен қарай түсіріп, қамшыдай ғып өріп қоятын. Мен көбіне төбеме түйемін. Ол кезде төбеге шаш түю сән болды. Қазіргілер ғой шаштарын шырша құсатып жайып жүретін. Кейде шашымды бос жіберсем асау толқындай бұрқырап бағынбайтын. Ондайда Фариза қайратты қолдарымен уыстап жинап, орап-орап төбеме қонжитатын. Содан кермек қасымызды саусақтың ұшымен ғана сәндеп киноға кететінбіз. Опа-далапсыз-ақ, ажарлы едік, нәрлі едік. «Сұлу қызыма» қараған сайын көңілім көншіп, көктем кездерім есіме түсіп отыр».

Бұл – әңгімедегі басты сарын әдебиетті мандайға біткен жазмышы бұйыртқан әйел затының отбасы мен творчество арасында қақ бөлінген табиғатын тану. Жан қалауы екеуіне ортақ болғанымен, жазу феноменінің ымыраға көнбейтін заңдылығы бар. Мұны жазылмаған заң, ереже етіп баяғыда бекітіп қойған: «Өнер – құрбандық тілейді». Қапы кетпес қағида. Жеке басының бақытын творчество жұтып қойған хас таланттар әр халықта, әр елде аз емес. Сол дарын иелері жалғыздыққа үкім еткен тағдырына наразы деп айта аламыз ба?! Оны ешкім анықтап, сезіп біле алмайды.

Ақындығы кесек, жыр қазынасы ешкімге ұқсамайтын Ақұштап Бақтыгереева таразының басын тең алып жүруімен қазақтың кейінгі толқын талантты қыздарына үлгі болуға лайықты.

Жазушы сіңлісі Мира беріле тыңдап отырған ақынның жан сыры: «Жазөгім, Ғазөгім, Тәкөшім. Бірін-бірі қарлығаштай қуып жетті. Әкелері күй тартса, үшеуі торғайдай тыпырлап билейтін. Үшеуінің қалампыр аңқыған иістері танауымды тесетін. Бала деген жарықтық, ата-ананың бақыты ғой. Алпыс екі тамырыңды иітіп, дүниенің қызығына қылықтарымен қандырады. Әкелері түн көрпесі түрілгеннен балық аулайды. Күні бойы үшеуін бағып-қағып жүріп тілімнің ұшына тірелген шумақтарды блокнотқа асығыс-үсігіс жаза саламын. Қалам мен қағазды қазанның қасына әкеліп қоямын. Бір күні Ғазөк пен Тәкөш үстелдің астына тығылып қуыршаққа қағаздан көйлек жасады. Көздеріне қайшыны сұғып алар деп қастарына барсам, пытырлатып

өлең дәптерімді қиып тастапты. Жыр дәптерім бір қуыршақтың үстінде жапырақтай желбіреп тұр. Енді қайттім?! Содан инеге жіп өткізгендей қайшыдан аман қалған әріптерді құрастырып, түнімен отырдым. Шала ұйқы күйімде жыр құрастырдым, құрақ көрпедей ғып. Ішімді өлеңнің азап-дерті өртеп барады. Үш балапан өскенше мынау сүмбіл шаш та сиреді. Фаризадан да алыстадым. Солай, Нұрайжан, жастық шақ деген көзді ашып жұмғанша жалаудай желбіреп өте шығады. Өзіндей көркем қыз, мінекей – ана, әйел, әже болып алдында отыр. Бұл да – өмір. Осы күнге жеткізген Тәңірге мың шүкір».

Мираның жаны неліктен тебіреніп отырғаны айтпаса да түсінікті. Шығармашылық тірлік – оның өзінің де таңдауы.

Жанды сөз – «Ішімді өлеңнің азап-дерті өртеп барады».

XX ғ. көрнекті француз жазушысы Франсуаза Саган құнарлы әдебиеттің қасиеті шынайы өмірмен тең екенін нақты айғақтайды: «Иллюзия искусства: оно заставляет поверить, что великая литература вырастает из жизни. Но все обстоит наоборот: жизнь аморфна, литература дает ей форму».

Өз тірлігін ұлы құндылықтарға, руханиятқа сарп ете білген дарындылар өткінші өмірді басқа бір форма – сөз құдіреті арқылы сақтап қалатын болғаны ғой. Антикалық ақын әйел Сапфодан бергіде Хуана Инес де ла Крус, Мэри Шелли, Эмили Дикинсон, Леся Украинка, Ұлбике, Сара, Анна Ахматова, Марина Цветаева, Мәриям Хакімжанова, Сильва Капутикян, Фазу Алиева, Белла Ахмадулина, Фариза Оңғарсынова, Гулрухсор Сафиева, Қадрия Темирбулатова, Зульфия Атои сияқты даңқты есімдер Құдай жарылқап, ақындық кие қонбаса байлаусыз көше беретін дүние керуенде есте қалар ма еді?!

Бұдан соңғы оқиға анекдот сияқты қызық детальға құрылған. Мира мен оның студент қызы аяқ киімін таппай қалады.

«Айналаны мұқият тексерген қырағы Махош кенет: «Әже, таптым, міні жатыр!» – деп қуанғаннан айқайлап жіберді. Сосын белуардан келген көк майсаның ортасында кідіріңкіреп тұрып қалды.

– Тапсаң, бері әкелсеңші. Неғып тұрсың Махоштай?

– Жоқ, әкелме. Өзіміз барып киеміз, – деп ақкөңіл Несібелі жалаңаяқ тұра шапты. Көкөрай шөптің үстімен Нұрай да жүгірді.

– Біреу пәршә-пәршәсін шығарыпты! Кім екен, мұны істеген?

Ойында түк жоқ Несібелі сау-тамтығы қалмай жыртылған аяқ киімдеріне қарап көңілі бұзыла жаздады.

– Кім болсын, анау ит шығар, – деп жандарына Ақас апай да жетті, жанұшырып. – Масқара-ай, дымын қалдырмай шайнап тастапты ғой! Бауларын үзіп, жеп қойған!».

«Жә, ұрыспашы, енді. Онсызда дірілдеп, сенен қорқып тұр. Бұған өкпелеп, қан қысымың жоғарылап кетер, – деп мінезі жайсаң қожайын көздері жасаурап, балағын жалаған күшігін жерден көтеріп, қойнына қысты.

– Болар іс болды, осымен. Ішке кіріп Тәкөш пен Жазөктің туфлиін көріндерші. Жазғы түрі де бар. Үйлескенін киіп алыңдар, – деп Ақас апай кіреберісте қабырғаға жабысқан дәу шкафтың суыrmасын ашты».

Мамыражай, бейбіт өмірдің қайталанбас сәті. Автор сүйкімді күшіктің ұрыншақ бала тәрізді қаскүнем мінезін қызықтағанымен, әңгіменің негізгі арқауы Алаштың біртуар ақыны – Ақұштап Бақтыгерееваның кісілік қадір-қасиетін таныту екеніне даусыз.

Екі ғасыр бұрынырақ немістің ұлы ақыны Иоганн фон Гетенің хатшысы Эккерман қасында жүріп, дананың әр сөзін, толғауын, әр ісін қағазға түсіре бергені өркениеттің озық үлгісі болатын. Неміс халқы соның арқасында тарихи хроникада басынан қандай қиындық кешпесін ұлы халық деген лайықты тұғырынан түскен емес. Еуропа елдері – хронологиялық жылнаманы шебер пайдалана білуімен даңқты. Мұны қазаққа үйрену керек. Жақсының қадірін дер кезінде білу ұлтты рухани биіктетіп, бағын өсіре береді.

Мираның әңгімесі – озық үлгі. Мұның жалғасы бұйырса, әлі болады. Әлі талай жас ақын-жазушы пір тұтқан ақын-жазушы, өнер адамын, ғалымдар мен суретшілерді әр қырынан асыра сілтемей, шынайы суреттеп жатса, мұнан артық не керек?! Жақсыға еліктеп жастар өседі. Адамзат табиғаты өзгермейді: айтса біледі, айтпаса білмейді. Дер кезінде айтқанға, танытқанға ештеңе жетпейді.

**Айгүл Кемелбаева**